

ҮЛКЕН ӨМІРДІҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ

Оқушының жүйелі білім алып, ұлтын, тілін, елін сүйетін патриот болып шығуына тікелей ықпал ететін тәрбие ордасы – мектеп. Қазіргі қоғам оқушыларды жаңаша бағытта оқытып, заманға сай тәрбиелеуді талап етеді.

Алматы қаласындағы мектеп-интернат мекемелері осындай жаңаша ұстанымда жұмыс атқарып келе жатыр. Мектеп-интернаттарда есту қабілеті бұзылған, аяқ-қолы кемтар, көзі көрмейтін немесе нашар көретін, интеллектуалды дамуы бұзылған, сөйлеу қабілеті өте нашар балалар білім алып, тәрбиеленеді. Осындай білім ордасының бірі – Алматы қаласындағы «Аяқ-қолы кемтар балаларға арналған №2 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» КММ 1965 жылы құрылған. Интернаттың алға қойған мақсаты – оқушыларға сапалы білім, үлгілі тәрбие беру, рухани құндылықтарды бойына сіңіруіне, әлеуметтік ортаға бейімделуіне көмектесу. Мұнда ерекше қамқорлықты қажетсінетін балаларды оқытып-тәрбиелеу, сауықтыру бағытындағы ауқымды жұмыстар дұрыс жолға қойылған.

Қазір интернатта 173 оқушы және

үйден оқытылатын 231 оқушы білім алып, тәрбиеленуде. Мектепте баланың жеке басының дамып, жетілуіне қажетті жағдай толық жасалған.

Сауықтыру мақсатында массаж, сумен емдеу (тұзды ванна), физиемдеу, аэрозольтерапия, сәулемен емдеу, жарық терапиясы сияқты шаралар жүйелі түрде жүзріледі. Логопедтер оқушылардың сөйлеуін дамыту, тілінің бұзылыстарын түзету мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жұмыс істейді. Психологтар оқушылардың жандүниесін рухани жағынан байытуда ата-аналармен бірлесе жұмыс атқарады. Оқушылардың денсаулығын



нығайту, шынықтыру, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында түрлі спорттық шаралар жүзеге асады.

Осыған орай, ҚР футбол федерациясының қолдауымен ашылған футбол алаңында оқушылар ерекше құлшыныспен футбол ойнайды. Бұл футбол үйірмесіне ҚР Футбол федерациясы арнайы жаттықтырушыларды да тағайындаған.

Қазақстан Республикасының Футбол федерациясының ұйымдастыруымен «Балалар церебральді параличмен» ауыратын оқушыларға арналған Қазақстан бойынша CPfootball 7x7 чемпионаты екі рет өткізілді. Сонымен қатар, үстел теннисі, суда жүзу хауызына да ерекше көңіл бөлінеді. Оқушылардың тенниске, суда жүзуге деген қызығушылығын жетістіктерінен байқауға болады.

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен оқушылар





денсаулығының нығаюы, психологиялық көңіл-күйінің көтерілуі үшін иппотерапия (атпен серуендеу) сабақтары жүргізіледі. Бұл сабақтарға тек мектепте оқитын оқушылар ғана емес, сонымен қатар үйден оқытылатын балалар да қатысады. Ат спортының беделді жаттықтырушылары үлкен жауапкершілікпен жұмыс істеп жүр. Мектеп-интернат аумағында атақты қазақ альпинисі, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, ҚР альпинизм бойынша чемпионы Мақсұт Жұмаевтың қолдауымен, «АзияПаркет» ЖШС демеушілердің көмегімен «Арқанмен өрмелеу» паркі ашылған. Мектептің емдік дене шынықтыру мұғалімдерінің сүйемелдеуімен балалар арқанда өрмелеу арқылы тірек-қимыл аппараттарының одан әрі дамытып, жетілдіруіне мүмкіндігі бар.

Көптеген жомарт жандар мектепке демеушілік көрсетіп, педагогикалық ұжыммен бірлесе балалардың білім алуына, қоғамдық өмірге бейімделуіне атсалысуда. Олар интернатқа келіп, оқушылармен әңгімелесіп, сұхбат өткізіп отырады. Оқу-тәрбие үрдісін көрген Сенат депутаты Д.Н. Назарбаева, Мәжіліс вице-спикері Г.И. Исимбаева, Мәжіліс депутаты Г.М. Иксанова сынды ел қалаулылары интернат өмірімен жете таныс. Белгілі кәсіпкер Н.Э. Смағұловтың басшылығымен балаларға әртүрлі көмек көрсетіліп, автокөлік, суда жүзу хауызына арналған «ГРОССО» жаттығу құралы сыйға тартылды.

Мектеп оқушылары Нұр-Сұлтандағы ЭКСПО-ға саяхаттады. Балаларды қуанту мақсатында «Мега» ойын-сауық орталығына серуен ұйымдастырылып, түрлі қызықты ойындар, мерекелік іс-шаралар, спорттық ойындар өткізіліп тұрады. «Астана Групп» қызметкерлері мен мектеп оқушылары арасында теннистен, футболдан жарыстар қолға алынып, тұрақты өткізіліп отырады. Сонымен қатар балалар «қыш өнері», «моншақ тоқу», «киіз басу», «фелтинг» шеберлік сабақтарын өткізіп, білім-білік дағдыларын қызметкерлерге үйретеді.

«Халық банк» акционерлік қоғамы да микроавтобус, жаттығу құралдары,

тұрмыстық заттар, жиһаздар сыйға тартып, өз үлестерін қосуда. Біздің ерекше демеушілеріміздің бірі «DHL international Kazakhstan» ЖШС «Еріктілер күнін» ұйымдастыру, мерекелік іс-шаралар өткізу, сыйлықтар жасау арқылы оқушылардың көңіл-күйлерін көтеріп, ықыластарына бөленіп жүр. «РБК ВАНК» АҚ жыл сайын «Мектепке барар жол», «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы бойынша оқушыларға мектеп формасын сыйға тартып отырады. «Аяла» жеке қайырымдылық қоры да өз көмектерін ұсынып, сыйлықтар беріп, еңбекке қажетті құралдармен қамтып, балалармен спорттық жарыстар өткізіп тұрады. Демеушілеріміз «ДСП Центр» ЖШС, «Батыс Реил Сервис» ЖШС және «Әскери-техникалық мектеп» курсанттары мектеп ауласын тазартуға көмектесіп, көгалдандыруға қол ұшын созуда.

Мектебімізде мұғалімдер оқу үрдісінде «Дамыта оқыту», «Сын тұрғысынан ойлау», «Жобалау технологиясы», «Сатылай кешенді талдау» тәсілдерін ақпараттық технологиялармен тиімді ұштастырып жұмыс жүргізеді. Мектеп-интернатымыздағы ойы озық, шығармашылығы шырқау, ізденісі ілгері ұжымымыздың қол жеткізген ұшан – теңіз жетістігін мақтанышпен айта аламыз.





Педагогтар Н.Э. Кефер, Ф.Ш. Саргелова Алматы қаласының әкімі – Б.К. Байбек мырадан арнайы сыйлық алды. Балаларға сапалы білім беруде біздің педагогикалық ұжым жан-жақты ізденіп, білікті шетелдік әріптестермен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп, тәжірибе алмасып отырады. Батыс Сидней университетінің профессоры Карен Мэлаун, Польшадағы (Варшава қаласынан) арнайы Академияның профессоры Ева Мария Кулеша, Жапонияның WASEDA UNIVERSITY доценті Oqihara Atsushi, Германиядағы Лейпциг Университетінің профессорлары, педагогика ғылымының докторлары Гунар Зенф, Барбара Дринк сынды ерекше білікті педагогтармен тәжірибе алмасып, жұмысты одан әрі жан-жақты дамытып отырады.

Оқушылардың денсаулығын нығайту, қол қимылдарын дамыту мақсатында мектепте «моншақ тоқу», «киіз басу», «ағаш өңдеу ісі», «қыш өнері» сабақтарына ерекше мән беріліп, қажетті деңгейде өткізіліп отырады. «Бейнелеу өнері», «Технология» пәндерінің айтарлықтай мәні бар. Өйткені, осы сабақтардан алған білімдерімен оқушылар түрлі көрмелерге, шеберлік дәрістеріне қатысып, Республикалық, халықаралық, қалалық деңгейде жүлделі орындарды иемденіп жүр. Мектебіміздің оқушысы Таипова Шахноза «Көкейіміздегі бар әлем» Республикалық балалар шығармашылық фестивалінде «Қолданбалы қолөнер» номинациясы бойынша лауреат атанды. Біздің оқушылар қыш өнерінің шебері – Эдуард Казарянмен, бейнелеу өнерінің Қазақстандық атақты суретшілері – Марат Бекеевпен және Андрей Нодамен шеберлік дәрісін өткізіп, тығыз байланыста жұмыс істеп жүр. Эдуард Казарян бірнеше туындыларын балаларға сыйға тартты.

Ресейдегі Санкт-Петербург қаласында өткізілген «ТМД – біздің үлкен отбасымыз» атты I Халықаралық мәдени – білімділік форумында оқушылар Асхатқызы Элеонора, Хамидулла Аделья, Серікқазина Сания, Серікбай Данияр «Шығармашылық шеберлік» номинациясымен марапатталды. Ж.Жабаевтың «Ленинградтық өренім» өлеңін Шаймұхан Темірлан



шабыттана мәнерлі түрде оқып, I орын алды. Ресейлік педагогтар мен оқушылар біздің балаларымыздың өнеріне тәнті болды. «ТМД – біздің үлкен отбасымыз» атты II Халықаралық мәдени-білімділік форумы Алматы қаласында өткізілді. Форум қонақтары Қазақстандық ерекше қажеттілігі бар оқушылардың білім-білік дағдыларына тәнті болып, тәжірибе алмасты. Ресейлік достарымыз біздің мектеп-интернаттағы ұстаздар мен оқушылардың шығармашылықпен орындаған жұмыстарын қызыға тамашалап, ерекше әсер алды.

Біздің оқушыларымыздың ішінде білім деңгейін көрсете білген Сейітбек Әсел, Ибралинов Дамирхан Америкалық Кеңестің FLEX бағдарламасы бойынша барлық турлардан өтіп, АҚШ-та бір жыл білім алып келді. Нәтижесінде, ағылшын тілін жетік біліп, Сейітбек Әсел Америкадағы мектепте ән айтып, мектепішілік түрлі қойылымдарға қатысып, интернатта алған білімін одан әрі дамытты. Қазіргі таңда Алматы қаласындағы Тұран университетінің колледжінде «Халықаралық заң» мамандығы бойынша оқуға түсіп, білім алып жатыр.

Сонымен қатар, америкалық кеңестің FLEX бағдарламасы бойынша өзінен кейінгі оқушыларға білгенін үйретіп, «еріктілер» қызметін атқарады. Ибралинов Дамирхан ағылшын тілін одан әрі кеңінен үйреніп, алдына қойған мақсатына жетуге талпынып жүр. Қазір Алматы қаласындағы «ENGLISH HOUSE» мектебінде мұғалімдік қызметте.



Біздің балалар үшін спорт алдыңғы орында. Спортқа деген құлшыныстарының өзі көңіл қуантады. Жапонияның Токио қаласында өткізілген Параолимпиядалық ойындарда мектебіміздің оқушысы Оразбек Азамат екінші орынды, ал Оспанова Алия қола медальді иеленді. Бадүова Елдана Англияда теннистен өткен параолимпиядалық ойындарда 3-орынға қол жеткізді. «VI Жұлдызай – 2018» Республикалық спартакиадасында мектеп-интернаттың оқушылары спорттың үстел теннисі, жүзу, жеңіл атлетика, асық ату сияқты түрлері бойынша қатысып, марапат қағаздарын, төсбелгілерін алды.

Оразбек Азамат – суда жүзуден халықаралық спорт шебері және теннистен Алматы қаласы бойынша спорт шебері атағына ие. Азамат Қазақтың Спорт және Туризм академиясының колледжін бітірді. Оспанова Алия өзінің ұстаздарының жолын жалғастырып, балабақшада тәрбиеші қызметін атқарып жүр.

Мектебіміздің жұлдызы – Ахметқазы Альвина Беларуссия республикасының Кобрин қаласында өткен «Орион қанатында» атты Халықаралық байқаудан II орынды иеленіп келді.

Нұр-Сұлтанда өткен «Қазақстан балаға мейіріммен» атты форумға



мектебіміздің оқушысы Исаев Амир қатысты. «Жастар жаққан жұлдыз» Республикалық байқауында Сламова Жайна «Бас жұлде», Жұманұрова Айгерім I орын, «Айгөлек» бишілер тобы I орынды иеленді. Қалалық «Мейірім» балалар шығармашылығы байқауында интернатымыз I орынды жеңіп алды. Республикалық «VI Жұлдызай» балалар шығармашылық фестивалінде Смирнов Илья «Көркем сөз» номинациясы бойынша Алматы қаласының әкімі Б.К. Байбектің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Түркиядағы «Республика күніне» орай Анталия-Кемер қаласында өткізілген халықаралық фестивальге Жұманұрова Әйгерім қатысып, вокалдық орындау сертификатын иеленді. Жалпы оқушыларымыздың өнерге деген құлшынысын әрбір іс-шарадан анық байқауға болады.

«Ұрпақты тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеу» деген сөз. Өнегелі

ұрпақ тәрбиелесек, еліміздің болашағы да жарқын болмақ. Оқушылармен үздіксіз жұмыс жүргізудің нәтижесінде әлеуметтік ортада өз орындарын табуға, жеке тұлға ретінде қалыптасуына көмек көрсетіп, оқытып, тәрбиелеу біз үшін үлкен мәртебе. Олардың бірінің көзі, бірінің қол-аяғы, енді бірінің есту қабілеті кемдік көргенімен, жан-дүниелері ерекше. Ертең-ақ елінің жоғын бүтіндер, қоғамының алға жылжуына зор үлес қосар толыққанды тұлға болып шығарына біз – ұстаздары толық сенімдіміз.

Б. А. ЕРМЕКОВА,
Аяқ-қолы кемтар балаларға арналған арнайы (түзету) мектеп-интернаты № 2 директоры



АННОТАЦИЯ ○

В школе-интернате № 2 для детей с нарушением опорно-двигательного аппарата Управления образования г. Алматы очень старательные ученики, и они это постоянно доказывают на различных конкурсах и соревнованиях. Здесь особое внимание уделяется каждому ученику и улучшению материально-технической базы школы, формированию комфортного пространства не только для обучения, но и досуга воспитанников, их гармоничного психофизического, умственного и эстетического развития, созданию атмосферы заинтересованности, сотворчества, взаимопонимания и взаимопомощи.